

## ҚОРДАЙ ӨЛКЕСІНДЕГІ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ТУ ТІККЕН ТАРИХИ ОРЫНДАРЫ

**Жұмахан А.Б.**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

[zhumakhan.aizhan@gmail.com](mailto:zhumakhan.aizhan@gmail.com)

Қарағанды қ.

Қордай десек, есімізге қазақ халқының азаттық жолындағы ұлы жеңісі - «Аңырақай шайқасы» өткен тарихи дала еске түседі. Көк найзасы көк тіреп Қарасай, Өтеген, Жолбарыс сынды батырлар өтті бұл өңірден. Қазақ хандығының туы көтерілген Қозыбасы өз алдына. Жүйелі сөзбен қара тасты ерітіп, қазақ-қырғызға тең танылған аса ділмар Кебекбай шешен, көреген де көсем Ноғайбай би ше? Саңылақтай сар желген Сарыбас, Әлмейін, Әлмен ақындар мен күміс көмей, жезтаңдай Кененді кім білмейді? Он саусағынан бал тамып Жетісудың күйшілік мектебінің негізін салушы Байсеркедей күйші, көмейі бүлкілдеп от ауыз, орақ тілді Тілеміс шешен де өткен бұл маңнан. Қазақтың елім деп еңіреген ержүрек ұлы, соңғы ханы Кенесарының ақтық шайқасы өтіп, демі үзілген жер де осында...

Кенесары көтерілісінің кейбір қырларын аша түсуде Ә.Ділібаевтің еңбегінің орны ерекше. 1949 жылы Кенесарының қырғыздармен соңғы рет ұрыс жасаған жерлерін жаяу аралаған. Оқиғаға қатысқан батырлардың ұрпақтарынан көптеген әңгімелер жазып алады. Қолжазбадағы мағлұматтар ұзақ жылдар бойы ғылыми айналымға тартылмай келді. Ә.Ділібаев жинастырған материалдар тек 1999 жылы жарық көрді. Қордай ауданының «Талапты» колхозының солтүстік жағында жатқан бір қырка болады. Ол жерді бұрын халық «Кене ханның ақ қырқасы» деп атайды екен. Ол туралы Нұрпа Төлебайұлы деген ақсақал былай дейді: «Ел жайлаудан түсіп, Шудың бойында отырған кез екен, бір күні ертең-ерте ақ қыркаға толған ақ үй қонып қалыпты. Сөйтсе, ол Кене ханның ауылы екен. Қордайдан түнде асып, сол жерге келіп қонған екен. Біраздан кейін ауылға жасауылдар келіпті. Менің әкем қасына кісі ертіп, ерулікке сойыс алып, ханның ауылына барыпты. Оларды қонақүйге түсіріпті. Бір кезде: «Хан шақырады», - деп екі жігіт келіп, оларды ертіп, ханның үйіне алып кіріпті. Сәлемдесіп, жөн сұрап болғасын Кене хан: «Жантай, Ормандармен ұрысайын деген жоқ едім. «Ел болайық» дегенге көнбеді. Жауға қосылды. Елшімді байлап, ұрлығын былай істеп жатыр. Кінә өздерінде, ертең елін шабамын. Дулат баласы, іргелі ел едіңдер, көздеріңмен көріп, олжаларыңды алыңдар», - депті. Бішпектің қасында қырғыздармен соғыс болып, қырғыздар қолы жеңіліп қашыпты. Түскен олжаны хан елге таратып беріпті де теріскейге қайта көшіп кетіпті деп менің әкем соның ішінде болып, олжа алған әңгімелерін айтып отырар еді [3, 42 б]. Осы деректегі «Кене ханның ақ қырқасы» деген қазіргі «Әлжан Ана» ауылының солтүстігінде орналасқан табиғи дөң болып табылады. Ол қыркада қазір ауылдың үйлері салынған. Кенесары Қасымұлының Қордай жеріне бірден немесе себепсіз келе салған жоқ, оның өзіндік келуінің себебі бар. Хан туралы қысқаша айта кететін болсақ: «Кенесары хан немесе Кенесары Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі - 1847, Қырғызстан, Кекілік-Сеңгір аңғары) - мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841-1847). Кенесары Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы, Абылай ханның немересі.»-деп беріледі [1,125 б].

45 жылға ғана созылған қысқа ғұмырын Кенесары хан 10 жылдық ұлтты азат етудің қанкешті күресінде мойымай, үнемі ат үстінде елінің тәуелсіздігі жолындағы күреске арнады. Қазіргі жастар үшін кеңестік Мәскеудің аз ұлттарды «бөліп ал да, билей бер» құйтырқы саясатының тасасында қалған тарихи ақиқатты айқындап, тарихта елін сүйіп, жерін соңғы демі біткенше қорғаған хандарымыздың мұрагері екені маңызды.

«Мемлекет мүддесін қорғау жолында жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктілікпен басқару көп септігін тигізетінін ол жете түсінді. Кенесары Қасымұлы өз айналасына ең адал кеңесшілер мен батырларды, халық арасынан отарлық езгіге қарсы ең беделді, белсенді азаматтарды топтастыра білді.» [5, 215 б].

Мемлекетшіл идеясы ел басқарған ерлеріміздің алтын дінгегі болғанын асыл ер Кенесарының қайраткерлік, дипломатиялық әрі тереңнен болашақты болжай білетін сұңғылалық парасат иесі деп түсінуге болады.

Тарихта Қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, діннен аулақтату сықылды империялық пиғылдың жүзеге асуына Бұқар жырау көрегендікпен жырлаған:

...Айтып-айтпай немене,

Дәуреніңіз аз келер.

Сондай заман жеткенде,  
Шаңырағың тұл болар.  
Еліңе қауіп төнгенде,  
Ата ұрпағың құл болар.  
Қараларың қас болар,  
Қаскөйлерің бас болар.  
Өзі сары, көзі көк,  
Орыстар келер ғалым боп.  
Әулиедей көрінер,

Діндерінің аты - поп (Бес ғасыр жырлайыды) жинағынан) [5, 220 б]. Кеменгер Бұқар жырау толғауында жырлағандай, Кенесары заманынан 100 жыл бұрын-ақ, империяның көрші елдерді жаулап алу саясатын сезгендей. Ұлттық бірлік болмаса, құлдық санаға ауысуымыз мүмкін екенін ескерткендей. Бұқар жырау кезеңінде (XVIII ғасыр) патшалық империя төңірегін бәрін жалмап, туысқан түркі халықтары - татар, башқұрт, алтайлық тайпалар т.б елдерінің «бек ұлдарын құл етіп, пәк қыздарын күң етіп», жерлерін жаулап, елдерін бағындырып жатқан кезең еді.

Ал XIX ғасырда қазақ жерлеріне дендей еніп, өзен-көл, жасыл нулы аймақтарға форпостар мен қамал-бекіністер салып, қазақ көшпелілерін шұрайлы жерінен қуып, жайылымды тарылтты. Қорғансыз елдің сатқын билеуші-шонжарларының кесірінен жағдайы күрт төмендеді. Қазақстанның батыс аймақтарында Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет көтерілістері, оңтүстігінде Жанқожа батыр, Есет Көтібарұлы басқарған Қоқан езгісіне қарсы шайқастар жиіледі. Кенесары хан көтерілісі Ресей империясының жаулап алу, басып-жаншу саясатына қарсы ұйымдастырылған өте ауқымды қозғалыс болды.

«1846 жылы Ресей жасақтары мен отаршылдыққа бой ұсынған қазақ сұлтандарының әскери құрылымдары оны Кіші және Орта жүздер аумағынан ығыстырды.» [1, 105 б]. Хан әскерінің біразын қалдырып, амал жоқтан ең сенімді батырлары басқарған жасақтармен Жетісу өңіріне ауа көшеді. Оңтүстікке шегінуінің негізгі себебі, қазақ сұлтандарының патшаға адал қызмет етіп, халқына жасаған опасыздығы мен орыс әскерінің көтерілісшілерге қарсы жорықтарын күшейткені еді. Екінші себебі, хан жасағымен - сенімді сұлтандарымен және батырларымен Жетісу өңіріндегі қазақтардың басын қосып, туысқан қырғыз елімен бірігіп үлкен әскери күш жасақтау мақсатымен барған еді.

«Кенесары Ұлы жүзге бару туралы шешім қабылдады. Ұлы жүзге інісі Наурызбайдың қасына жүз жігітті оларға көшпенді жер бөлуіне жіберді. Рүстем сұлтан Наурызбайды қабылдап, жер бөлуді және Кенесарыны қолдайтынына уәде берген. 1846 жылы хан Орта жүзден кетті.» [2, 85 б]. Е. Бекмаханов еңбегіндегі деректер Кенесары Қасымұлының Ресей басқыншы әскеріне жиі-жиі тегеурінді тойтарыс беріп отырғандықтан, көтерілісті басу үшін ауқымды шаралар ұйымдастырады. Бірақ ханның тілеуін, көтерілісшілердің амандығын тілеген Ұлы Дала елі құшақ жая қарсы алуға дайын болды. «Патшаның құрығына іліне қоймаған Ұлы жүз қазақтары ханды кәделі жоралғымен қарсы алып, төңірегіне жедел топтасқаны байқалады. Алдыңғы шепте ботбай Тойшыбек, оның ұлы Байсейіт, шапырашты Саурық, Бұғыбай, Сұраншы, дулат Байзақ, жаныс Шаншар, албан Атамқұл секілді батырлар мен билер Кенесарыны қолдап, елдіктің туын көтеріп келген Орта Жүз бен Кіші жүз батырларымен тізе қосты. Кенесары қоныстан ауғанда жыр толғаған Досқожа би: «Қоныстан аумақ болсаңыз, Жіберіңіз тез хабар, Жоғарғы Дулат төрт ауыл, Жази, Сауырық ерлермен, Байзақ батыр, Бегенге», деп Жетісу жеріндегі ерлерге үміт артқаны, ақын атаған осы тұлғалар ханның қасына шоғырланғаны байқалады.» [1, 74 б].

«Ұлы жүздің аумағына келген ол қырғыз манаптарымен келіссөздерді бастады. Олар ханды қолдаймыз деп уәде берген, негізінде қосарланған саясат жүргізген болатын. Екі жақтың арасындағы тыныштықты қырғыздар Саурық батырды өлтіргенімен бұзды. 1847 жылдың сәуірінде олардың әрекеттеріне жауап ретінде Кенесары 15 мыңдық әскерімен Қырғызстанға басып кірді. Бұл шабуыл өте қатал болды, содан қырғыздар соғысқа дайындықты бастады.» [2, 96 б].

Осы деректерді ой елегінен өткізе отырып, айбынды Кенесары хан мен жақтастарының негізгі мақсаттары: Қазақ елінің патшалы Ресейдің құрамына қосылып үлгермеген өңірлерінің дербестігін сақтау, Қазақ жерлерін бекіністер мен округтік билеу арқылы отарлауды тоқтату және қоқандықтардың тепкісіндегі оңтүстіктегі қазақтар мен қырғыздарды азат ету болғандығы анықталды. Бірақ орыс отарлаушылары қазақ пен қырғыздың байлары мен манаптарын ақшаға сатып алып, мәртебелі қызметке тағайындап, елді екіге жарды. Ұлтын, бұқара халқын сыйламайтын немқұрайды би, бек, бай, аға сұлтандар бастары бірікті. Елінің бүтіндігіне іріткі салып, патша шенеуніктерімен ауыз жаласқан олар ұлт-азаттық көтерілістің батырларын опасыздық жасап, сатып кетті.

Кенесары Қасымұлы қырғыздарды жау санаған жоқ. Оның басты жауы Қоқан және орыс әскерлері болатын. Сондықтан да, ол қырғыз манаптарына Қоқанға қарсы бірігіп соғысуға ұсыныс жасап, қырғыздарға алты мәрте елші аттандырды. Бірақ, қырғыздар Кенесарының бірлікке ұмтылған бірде-бір қадамын қолдамады. Кенесары ханның қырғыз жасағымен соңғы шайқасы 1847 жылы 17-25 сәуір аралығында Тоқмақтың шығыс жағындағы Кекілік-Сеңгір тауының бөктеріндегі Шу өзеніне 1-2 шақырымдай жердегі Майтөбеде болды. Қырғыз манаптарының жасағы, генерал Вишневскийдің пулемет пен зеңбірекпен қаруланған офицерлері мен солдаттары, Қоқан хандығының сарбаздары қазақ, қырғыз зерттеушілерінің болжауынша, 100 мыңдай адамды құраған. Бас қолбасшылық Орманның қолында болды. Кенесары қолы өзінен күші 10 есе басым жаумен үш күн бойы соғысты. Шешуші шайқас қарсаңында Рүстем төре мен Сыпатай батыр соңынан ерген жасақтарымен ұрыс алаңын тастап шықты.

«Кене ханның ту тіккен жері Майтөбе болған. Мен ол Майтөбені және Алмалы мен Суалман сайларын әдейілеп барып көрдім. Майтөбе, Шу өзенінің бойындағы кішілеу төбе. Оң жағынан 1-2 шақырымдай жерде арынды Шу ағып жатыр. Одан ары шығыстан оңға тартып, батысқа қарай кеткен қырғыздың Алатауы тұр. Оның төсінен құлай аққан Қызылсу, Самсы, т.б. сулар Шуға құйып жатыр. Майтөбенің терістік шығысына тие Кекілік тауының биігі «Әулие шоқы» тұр. Батыс жақ баурайында Чапаев атындағы (қазіргі «Қаракемер» ауылы) колхоз бар. Оның батысында Шуға келіп тірелген үлкен сай жатыр. Ол сай қазір Қарақоңыз сайы деп аталады. Шудан бастап терістікке қарай шалқая сол Қарақоңыз сайымен 11-12 шақырымдай жүргенде үлкен екі тарау болады. Соның біріншісін «Алмалы сай» немесе жай ғана «Суалман» деп атайды. Ол екі сайдың іші толған қалың ағаш, ағын суы бар. Кенесары мен Наурызбай сол Алмалының ішінде қолға түскен [3,85 б]. Автор жазған деректерін өзі барып, аралап көзімен көрген. Сол кездегі құйма құлақ, өлке тарихынан хабары бар көнекөз қариялар аузынан жазып алған.

«Майтөбе қаласында Кекілік-Сеңгірде Орманның жетекшілігімен қырғыз манапасымен шайқас өтті. Бірақ шайқас кезінде сұлтан Рүстем мен Сыпатай Кенесарыны сатып кетіп, оның әскерінің басым бөлігін алып кетті. Шайқас бірнеше күнге созылды. Кенесары ұсталып және тұтқында үш айдай болған, өйткені қырғыздар онымен не істейтінін білмеген. Содан оны өлтіру туралы шешім қабылданды. Көз жұмбас бұрын Кенесары намаз оқуға рұқсат сұраған. Басынан айырылды.» [2, 123 б]. Бұл дерек Ә. Ділібаев келтірген мәліметтермен тура келеді. Өйткені тіркелген топонимдер (ойконимдер) мен көтеріліс қаһармандарының қолға түсуі дәлме-дәл келеді.

«Оның басын қырғыз манабы Орман балауыз мөрімен жазылған хатпенен Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Горчаковқа сыйлап, қырғыздардың Ресей империясына деген адалдығын көрсеткісі келді.» [5, 225 б].

Ақпараттар екі мәселеге мән беруге жетелейді. Біріншісі, Кенесары Қасымұлының Қордайдағы хан Туын тіккен жерлерді болашақта қасиеттеп, тарихи орын тұрғысынан қарау керектігі және сол орындарға ескерткіштер орнату қажеттігі. Екіншісі, империялық машина алдына көлденең тұрып, қарсы күш қолданған көтерілісшілерге қарсы құйтырқылық әрекетке көшті. Патша шенеуніктері Қоқан бектері мен қырғыз манаптарын, қазақ байларын, сұлтандарын марапаттау арқылы, шен-шекпен беріп, алтын-күміспен күштеп, қарсы бірігіп кетті. Ал қазақ атқамінерлері жасырын келісімді орындап, көтерілісшілерді қоршауда қалдырды. Деректе анықталғандай, өздерінің жеке қамын күйттеген шағын топ, байлыққа мас болып, керенаулықтың кесірінен небір опасыз әрекеттерге бара алатындығында. Сөйтіп, Кенесары хан ту еткен ел бірлігі, жер тұтастығы мен мемлекет дербестігін ойлаудан ада, әділетсіздікке жаны құмар хайуани мінездің сол кезде белең алғандығын көрсетеді. Рухани індетке шалдыққан тобырлық сана Кенесарының асыл да ардақты идеясы мен ұлтты сауықтыратын рухани миссиясына балта шапты. Бұл мәселе болашақ жастар өмірінде де маңызын жоймайды. Қазір де рухани жетім тобырлар ел басқарып, елімізді жемқорлықтың шұбар ордасына айналдыруда. Осындай ойы таяз, санасы мешел, жаны кедей топтардың Ресей бодандығы сеуіп кеткен арам шөптей қаптап кететінінен қауіп те туындайды. Сондықтан «жасқыдан үйрен, жаманнан жирен» демекші, жастарға Кенесары рухы қалықтаған қасиетті Қордай жеріндегі мәдени ескерткіші тынымсыз күрескерлік пен ұлт алдындағы адалдығын пащ етеді.

Осы тұста менің ұсынар ұсыныстарым бар. Бірінші ұсыныс: Кенесары хан - ұлттың символы. Өзі «етігімен су кешіп, аты ауыздығымен су ішкен» толассыз азапты нар жүгіндей көтеріп, өмірі қанды шайқаспен жауға қарсы, момын елінің алып империяның құлы болмау жолында күресіп өткен қаһарман ханның биік тұлғасын ұмытуға хақымыз жоқ. Тіпті, сатқындық пен екіжүзділіктің шырмауында үздіксіз қайрат көрсетіп, өр мінезін қазақтық қалып, ұлттық символ тұрғысында көтеруіміз - жас ұрпақтың міндеті. Қордайда орналасқан мәдени ескерткіштер кешеніне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу - бүгінгі күннің талабы. Мемлекет қамқорлығына алып, қомақты

қаражат қарастырып, Қазақстанның мәдени-туризмі аясында туристік маршрутқа енгізу үшін ескерткіш ауданына заманауи инфрақұрылым (туристерге арналған мейманхана, тамақтану орны, т.б.) жасау да маңызды. Тіпті, Кенесары хан мен батырларының айбынды мүсіндері бейнеленген алып ескерткіш орнату да өте қажетті дүние. Сонымен қатар, көрші Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерімен мемлекетаралық келісім жасап, Кенесары хан туралы деректерді реттеу жұмыстарын бір ізге түсірсе, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені ұлт-азаттық көтерілістің көптеген деректері осы көрші елдерде сақтаулы.

Екінші ұсыныс: Ұлт-азаттық көтерілістің ошақтары мен күрес қимылын түгел қамтитын географиялық (3D) онлайн карта, 3D форматтағы заманауи технологиялық гаджеттер, қосымшалар жасалғаны да дұрыс.

Қордай топырағына қатысты деректер мен тарихи шежіре Кенесары ханның күресі тек өткеннің оқиғасы емес, бүгінгі ұрпаққа аманатталған тәуелсіздік рухының мәңгілік белгісі екенін айғақтайды. Бұл өңір - азаттық үшін атой салған ерлердің ізі қалған, елдік пен бірліктің қадірін ұқтыратын қасиетті мекен. Кенесарының хан туын тіккен Майтөбе, ақ қырқалар, шайқас өткен сайлар - барлығы біздің тарихи жадымызды жаңғыртып, өткеннен сабақ алуға үндейді. Халықтың өзара алауыздығы мен сатқындықтың зардабы қандай болатынын көрсететін бұл оқиғалар бүгінгі қоғам үшін де үлкен өнеге. Сондықтан рухани тұтастық пен елдік сана - ұлттың ең биік құндылығы екенін ұмытпай, Кенесары сынды қайсар тұлғалардың ерлік мұрасын келер ұрпаққа жеткізу - әр қазақтың парызы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан энциклопедиясы. Ғылыми-анықтамалық баспа. Көп томдық. - 7-том. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 1999. - 147 б.
2. Бекмаханов, Е. Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында. - Алматы: Ғылым, 1994. - 335 б.
3. Ділібаев, Ә. Ауыз әдебиеті үлгілері мен зерттеу мақалалар. - Алматы: Ан Арыс, 1999. - 54-88 б.
4. Середа, Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838-1847). - Атырау: Диалог, 1992. - 214 б.
5. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. - Алматы: «Алматы кітап», 2009. - 376 б.

## **ЖЕТІ АТА - ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК ЖҮЙЕСІ, ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ РУХАНИ МАҒЫНАСЫ**

**Мухаметкалиева К.М.**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

kamilamuhametkalieva@gmail.com

Қарағанды қ.

Жеті ата дәстүрі - қазақ халқының рухани мәдениетінің, қоғамдық құрылымының, тарихи болмысының ажырамас бөлігі болып қалыптасқан аса көне, терең әрі өміршең институт. Бұл дәстүр ғасырлар бойы ұлттың тектілік жүйесін сақтаудың, ішкі бірлігін нығайтудың, адамгершілік пен жауапкершілік нормаларын орнықтырудың сенімді тетігі қызметін атқарып келді. Қазақ дүниетанымында жеті ата ұғымы тек қана туыстық тізбек немесе шежірелік дерек емес, ол - ұлттың генетикалық тазалығын сақтауға бағытталған биологиялық заң, қоғамдағы тәртіп пен моральдық талаптарды реттейтін әлеуметтік кодекс, өзінің тегін тануға бағыттайтын рухани бағдар. Сондықтан да халқымыз «Жеті атасын білмеген - жетесіз» деп, бұл қағиданы ұрпақ санасына терең сіңіріп отырған.

Жеті ата феноменінің тамыры сонау ежелгі түркі дәуіріне барып тіреледі. Рашид ад-Диннің әлемге әйгілі «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбегінде түркілердің ата-текке қатысты ерекше қатаң тәртіп ұстанғаны, шежірені жаттамау ұят саналатыны, жеті буын ішіндегі некелік қатынасқа тыйым салынғаны нақты деректермен келтіріледі. Бұл мәліметтер қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесінің кездейсоқ емес, мыңжылдар бойы қалыптасқан заңдылық екенін дәлелдейді. Түркілердің ата-бабаларын қастерлеуі, олардың рухына тағзым ету дәстүрі қазақтың жеті атаны білу қағидасымен сабақтасып, уақыт өте келе толығып, жетілген жүйеге айналды.